

«Қысқы ертегі әлемі» – мұздан жасалған мүсіндер көрмесі
Хаттама

Өткізілген күні: 22.12.2025 жыл

Өткізілген орны: «Happy kids» балабақшасы

Қатысқандар: тәрбиешілер, ата-аналар, тәрбиеленушілер

Жауапты: Әдіскер, тәрбиешілер.

Күн тәртібі:

1. «Қысқы ертегі әлемі» мұздан жасалған мүсіндер көрмесін ұйымдастыру.
2. Көрмеге ұсынылған жұмыстарды таныстыру.
3. Қорытындылау және белсенді қатысушыларды марапаттау.

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері А.Е.Уаєпова сөз сөйлеп, көрменің мақсаты балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қыс мезгілінің ерекшеліктерін таныту, ата-аналар мен балалардың бірлескен еңбегін насихаттау екенін атап өтті. Мұндай көрмелер балалардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Көрме барысы:

Көрмеге барлық топ тәрбиеленушілері мен ата-аналары белсенді қатысты. Қатысушылар мұздан әртүрлі ертегі кейіпкерлерін, жануарлар бейнесін, қысқы композициялар мен сәндік мүсіндер дайындап ұсынды. Әр жұмыс өзіндік ерекшелігімен, әсемдігімен және шығармашылық идеясымен ерекшеленді.

Көрме барысында балалар өз жұмыстарын таныстырып, қыс мезгілі туралы тақпақтар айтып, қызықты әңгімелермен бөлісті. Ата-аналар мен педагогтер балалардың еңбегіне жоғары баға берді.

Шешім:

1. «Қысқы ертегі әлемі» мұздан жасалған мүсіндер көрмесі жоғары деңгейде өткізілді деп танылсын.
2. Көрмеге белсенді қатысқан тәрбиеленушілер мен ата-аналар Алғыс хаттармен марапатталсын.
3. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында осындай көрмелерді дәстүрлі түрде өткізу жалғастырылсын.
4. Көрме материалдары балабақшаның ақпараттық бұрышында және әлеуметтік желі парақшасында жариялансын.

Төраға: _____ Н.А.Байхатова

Хатшы: _____ А.Е.Уаєпова



Гөрағасы: Н.А.Байхатова

Хатшы: А.Е.Уаспова

